

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 172 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 37-бабының 8-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі № 480 Заңының 27-бабына сәйкес, ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын; "2010 жылғы 29 қазандағы "Интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектеріне және қамаудан босатылған азаматтарға жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" әкімдіктің № 807 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 25 қазандағы № 509 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 21 қарашадағы № 2727 тіркелген); "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгертулер енгізу туралы" 2014 жылғы 27 наурыздағы № 74 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 4 мамырдағы № 3286 тіркелген); "2015 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 292 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 25 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 4 наурыздағы № 3718 тіркелген); "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 69 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 113 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 21 мамырдағы № 3956 тіркелген); "Бородулиха ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 149 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2015 жылғы 25 тамыздағы № 205 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 4150 тіркелген); "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы" 2016 жылғы 26 ақпандағы № 33 (нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 17 наурыздағы № 4422 тіркелген); "2016 жылға Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 263 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" 2016 жылғы 26 ақпандағы № 34 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 24 наурыздағы № 4428 тіркелген); "Интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар және қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қазандағы № 807 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" 2016 жылғы 9 маусымдағы № 114 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 13 шілдедегі № 4601 тіркелген).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы С.Лазуринге жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г. Акулов